



НАЦИОНАЛЬНАЯ ПАЛАТА
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ КАЗАХСТАНА



International
Finance Corporation
World Bank Group

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

БАСПАСӨЗ-ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қ

2015 жылдың 20 ақпаны

KASE совместно ҚР КҰП және IFC мемлекеттік жекешелендіру бағдарламасын жүзеге асыру тетігі мен капитал нарығы арқылы жеке секторды қаржыландыру мәселелері бойынша Пікірталас клубының отырысын өткізді

Алматы қаласында, 2015 жылдың 20 ақпанында The Ritz-Carlton отелінде Қазақстан қор биржасы (KASE) ұйымдастыруымен "Мемлекеттік жекешелендіру бағдарламасын жүзеге асыру тетігі мен капитал нарығы арқылы жеке секторды қаржыландыру мәселелері" атты тақырыпта Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлерінің Ұлттық палатасы (КҰП) және Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) бірлескен Пікірталас клубының отырысы өтті.

Іс-шара қор нарығы, мемлекеттік және жеке сектор өкілдеріне "Халықтық IPO" бағдарламасына кірмеген, "Самұрық-Қазына" ӨАҚ АҚ компанияларының жекешелендіру мәселелерін жан-жақты талқылау және "Байтерек" ҰБХ" АҚ қатысушы компанияларының төмен пайызды қамтамасыз етілген облигацияларын сатып алу арқылы жеке секторға қолдау көрсету және экономиканы диверсификациялауға бағытталған мемлекеттік бағдарлама үшін қор нарығ инфрақұрылымы мүмкіндігін қарастырларына мүмкіндік берді. Пікірталасқа бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, экономиканың нақты секторының өкілдері, реттеуші өкілдері, халықаралық қары институттары мен жахандық кеңес беру компанияларының өкілдері белсенді қатысты.

Іс-шара аясында Қазақстан қаржыгерлер ассоциациясының басқарушы директоры Ерлан Бурабаев "Халықтық IPO" бағдарламасына кірмеген компанияларды биржа арқылы жекешелендіру туралы баяндама жасады. Жекешелендіруді стратегиялық инвесторды тарта отырып, бірнеше кезеңмен өткізудің балама тетігін қарастыруды ұсынды.

Отырыстың екінші бөлігінде KASE Пікірталас клубы қатысушыларының назарына KASEБизнесіті дамыту департаментінің директоры Әмина Тұрғұлова "Байтерек" ҰБХ" АҚжүзеге асыратын жеке секторға қолдау көрсету мемлекеттік бағдарламасына арналған әлеуетті биржалық өнімдер туралы тұсақесер рәсімін ұсынды.

Іс-шара соңына қарай IFC инвестициялау бойынша маманы Сауле Иманова жахандық тәжірибе мен дамушы нарықтағы компаниялардың облигациялық қарыздарына кепілдік берудегі IFC тәжірибесі туралы жан-жақты әңгімеледі.

Талқылау барысында қор алаңына квазимемлекеттік сектор пакеттерін нақты орналастыру шарттары мен тетіктері қарастырылды. Қатысушылар компанияларды жекешендіруді бернеше кезеңде өткізудің балама нұқсаларын қарастыруды ұсынды. "Самұрық-Қазына" АҚ жекешелендіру мәселелерін реттейтін нормативтік құжаттарына талдау жасап, жекешенедірдің түрлі тетіктерін пайдалана отырып, өзгерту ұсынылды.

Қаржы нарағы арқылы жеке секторды қаржыландыру мәселесі бойынша KASE "ДАМУ" Кәсіпкерлікті дамыту қорымен бірге облигациялық қарызды субсидиялау және кепілдендіруді әзірлеуге және ондай мүмкіндікті "Бизнесітің жол картасы-2020" бағдарламасына енгізу туралы шешім қабылдады.

Анықтама үшін

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлерінің Ұлттық палатасы – 2013 жылдың 09 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Ұлттық экономикалық палатасының бірлескен шешімімен құрылған коммерциялық емес, өзін өзі басқаратын ұйым. Кәсіпкерлерінің

Ұлттық палатасының міндеті кәсіпкерлердің құқығы мен мүддесін қорғау және кеңінен қамтуын әрі барлық кәсіпкерлердің бизнестің заң және нормативтік ережелері қалыптасуы процесіне тарту.

KASE Қазақстанда қаржы нарығына қызмет ететін жалғыз биржа болып табылады. Ол репо нарығы құралдарымен, шет елдік валютамен, мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен, шет елдік эмитенттермен, халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда-саттық жүргізілетін әмбебап алаң болып табылады.

Бүкіләлемдік банк тобына кіретін Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC), қызметі тек қана жеке секторды дамытуға бағытталған, ірі дамыту институты болып табылады.

KASE Пікірталас клубы – Қазақстандағы қор нарығының негізгі мәселелерін ашық және сындарлы талқылауға арналған, тұрақты кәсіби шара болып табылады. Пікірталас клубына қатысушылар KASE өкілдерімен, реттеушілермен, эмитенттермен және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен тікелей диалог жасай алады.